



СОЦИАЛИСТИК КАЗАҚСТАН

АЗЕТ 1919 жылғы
17 ДЕКАБРЬДЕН
ШЫГАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТИК ПАРТІЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

ҚАЗАҚСТАН Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының күні кешелері баспаса зәде жарияланған жұмыс қорытындысы халқымыздың рухани қазынасы жаңа мұралармен толыға түскенін хабардар етті. Мұны бүкіл жүртшылық зор қанағат сезімімен қабылдады. 30—40-шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдардың басында әдебиет тарихынан көптеген қалам тарихкерлері негізсіз сыйылым тасталғаны мәлім. Солардың бірі заманының көрнекті ақыны Шәңгерей Бекеев еді.

Шәңгерей европаша білім алған, туындыларын жазып шығаруға машиқтанған өнер иесі. Ақынға негізінен «ескіні көксеп, жаңаны жатырқаңды» деген айып тағылып келген еді. Ш. Бекеев творчествосы қоғамның даму диалектикасын тануда қайшылықты сипат ал-

тәмамдап, Орынбордағы кадет корпусында оқыған ақын орыс тілін жете игеріп, орыс мәдениетімен терендей танысқан. Оның М. Ю. Лермонтовтың «Қашқын» атты поэмасын өнін көтірмей, жоғары шеберлік деңгейде аударуы орыс сөзінің бояу-бедерін, кесте-нақышын нәзік түсінгенін аңғартады. Мұның өзі ақынның ұлттық шеңберде қалып қоймай, кең тынысты ақын болып қалыптасына есірін тигізген.

Шәңгерей шығармаларының басты сарындары өмірдің етуі жайында топшылау, ескі заманды аңсау, ғылым-білім тура-лы ой тую, өз өмірінің әр белесін бейнелеу, махабbat, достық, табигат құбылыстарын суреттеу болып келеді. Шәңгерей көбіне әлеуметтік өмірдің әртүрлі мәселелерін сөз еткенде уайымға бейім түрады. Оның жол таба алмай



Ш. БЕКЕЕВ.

УАҚЫТ ТЫНЫСЫН ТАНЫТАР АҚЫН

ғаны рас. Мұның себебін ақынның шығармаларынан ғана емес, сол шығармалардың туына әсер еткен өмір сүру ортасынан, яғни қоғамдық құрылым қатынасынан іздеу керек.

Шәңгерей XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрді. Бұл — қазақ даласында ежелгі феодалдық дәурен ыдырап, капиталистік құрылым үрдісі етек ала бастаған кез. Қазақ жүртшының Россиямен ертеден аралас аудандарында ақша-товар қатынасы жедел дамығандықтан ескінің іргесі сөгіліп, жаңаның елесі көріне бастады. Сезімтал ақынға мұндай құбылыстар ерекше әсер етті. Замандар бойы қаймағы бұзылым бауыр басқан тірлігі қас қағымда құбыла женелуі кімге болса да оңай тиген жоқ. Бұл Шәңгерей шығармашылығына да әсер етті. Сейтіп оның жаңа қоғамды жатырқау, еткен дәүрөнді қия алмау сарыннандағы өлеңдері дүниеге келді. Бірақ тұмысынан зерделі жан бірыңғай түнілу бағытын үстап қалған жоқ. Шама-шарқишина қоғам өмірінде бірталай құбылыстар қатарын шынышылдықпен ашты. Ақын творчествосының дені көніл күйі, махабbat, табигат лирикаларымен қоса өз уақытының ауанын аңғартатын күрделі ой, көркем топшылауға толы дүниелер болатынын содан.

Астраханьдағы гимназияны

дағдарып қалатыны да осы түс. Бірде өмір шындығының шырайын айын елестетсе, бірде тірлікten торығып шыға келеді. Мұндай кезде өзі көксеп отырған дәүірінің де адам үшін ауыртпалық жақтары болатының ескермейді. Оның:

Адыра дедім Нарында
Құсы ұшып көлінен,
Құты кетіп жерінен,— деп
келетін өлеңдері осындағы көніл әсерінен туған.

Ақын шығармаларының қайшылығы үақыт еткен қоғамдық құрылымдан қол үзе алмаудында, соған орай бұқара халықтың түбегейлі арман-муддесін жете түсінбеуінде жатыр. Бірақ бұл үшін Ш. Бекеевтің бірыңғай кінеләу әділетсіздік болар еді. Себебі: тарихтың толғакты сөттерінде екіншінде күй кешу бір Бекеевтің ғана емес, талай жүрттың талай тарлан перзенттерінің басында болған ғой. Енدهе Шәңгерей творчествосы XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың бас кезіне дейін созылған кезеңдегі қайшылығы мол қоғамдық өмірдің, әлеуметтік таптар мән топтар тартысының әдебиеттегі көрінісі деп бағалауға негіз бар. Сын көзімен қарап, ой елеғінен әткізген жанға ақын шығармалары өз заманындағы қоғам өмірінің үйлесімдері мен қайшылықтарын шынышылған жағдайда, әлеуметтік сана мен ой-пікірдің есу жолын бедерлеген мұра ретінде көдеге асары көміл.

Ш. Бекеевтің өмір, дүние туралы толғамдары, жеке басының көнілі әуенімен жымдастып кетіп отырады. Лирик ақынның түрлі құбылыстары өз болмысымен байланыстыра, үштастыра сезінің заңды да. Бұдан Шәңгерейдің торығуы қара басының қамын ойлаудан ғана туды деген қорытынды шықпасқа керек. Оның мұны заман тынысын түсінімен тамырлас, тағдырлас жатады. Сейте тұра өзі есіп-өнген қоғамдық қалыптың күйреуін жеке басының трагедиясы деп түсінгенін де жоққа шығаруға болмайды.

Шәңгерей Бекеев ақындығының бұл бір қыры болса, екінші қыры және бар. Ақын творчествосын бійкке көтеріп, халықина қадірлі ететін де осы қасиеті. Қоғам өміріндегі әлеуметтік теңсіздікті айқын бейнелей алмағанымен біраз өлеңдерінде кедейді кемсітпеу, бай мен жарлы деп белмеу көркегін ишарат етіп отырады.

Тең көрген бай, жарлыны бала күнім,

Сен кетіп мемненікпен көнілім тасқан,— іспеттес өлең жолдары бағзы бір ойшылдарға тән гуманизм дәрежесінде қалғанымен, дарын жүргегінін әлеуметтік теңдікке аңсары ауатынан хабар береді.

Шәңгерей ескіні ежікей бермей жаңаның пайдасын түсінген суреткөр. Қазақстаның Россияға қосылуы нәтижесінде туған қоғам өмірін.

дегі жаңалықтардың біразын қолдап, қуаттайды. Ақын махабbat тақырыбына, табиғат көріністерін суреттеуге кейде таза өнерлік тұрғыдан келгенімен бұлардан да адамзаттық проблемалар бой қөрсетіп отырады. Бұл орайда орыс тәсіт жазушылары Фет, Тютчевтермен қалыптас көліп жатады. Ақын Шәңгерейдің қазақ ортасында әйелді малғасатуға қарсы шығып, анының қасиеттеп, жырға қосуы сүйсінерлік іс. Бұл өлеңдерде қызылардың бас бастандығын талап ету жоқ, бірақ олардың қадірін білу бар. Айта кететін бір нәрсе—акынның тілі, көркемдік кестесі суретшілік бояуымен назар аударытын. Әған Ж. Аймайтуын «Мағжаның ақындығы тұралы» мақаласында: «Қазақ ақындағында Шәңгерейдің суретшілдігі,— сөз күші Мағжанға жақын келеді.

Құйрық атып құпия,
Түлкідей қашқан жымия,
Қараңды үзіл барасың
Бізден де, қайран дүния,—
деп толғайды Шәңгерей. Өтінің бара жатқан өмірді бұдан күшті қалай суреттеуге болады— деп баға бергені дәлел.

Корыта келгенде, Шәңгерей Бекеевтің қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар. Оның творчествосы қайшылықсыз емес. Бірақ бұдан ақын шығармашылығының рухани мұрамыза қосар үлесінде көмімейді. Шәңгерей шығармаларында өмір сүйгіштік рухына әдал қалпында қала-

ды. Ақын творчествосы алдағы уақытта да зертtele, тексеріле бермек. Шайыр соңында қалған шығармаларды ғылыми байыптылықпен саралап, неғұрлым тұркырымды пікір қорыту келелі міндеттеріміздің бірі.

Зәки АХМЕТОВ,
Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі.